

ТОҚМҰХАММЕТ АЛТЫНТОРҰЛЫНЫҢ ТҮЛҒАСЫ: ЭПИТАФИЯ ЖӘНЕ ҚОЛЖАЗБА МӘТІНДЕРДЕ (ДЕРЕККӨЗДІК АНАЛИЗ)

Мадияр Г. Насыров

Семей қаласының Шәкәрім атындағы Университеті (Семей, Қазақстан)

E-mail: nasiyrovf@gmail.com

<https://orcid.org/0009-0000-1865-6671>

Аңдатпа. Мақалада Қарқаралы петициясына (1905 ж.) қатысқан зиялы қауым өкілі, Абыралы жерінің тумасы, XX ғ. алғашқы ширегіндегі қоғам және дін қайраткері Тоқмұхаммет қажы Алтынторұлының тұлғасы эпитафия және қолжазба мәтіндері негізінде қарастырылады. Зерттеу объектісі Тоқмұхаммет қажының тұлғасы болғанымен, негізгі екпін, сондай-ақ, деректердің маңыздылығына, қосымша деректердің қарастырылуына беріледі.

XX ғ. бірінші жартысындағы саяси-қоғамдық қозғалыстарда көтерілген ұлттық және құқықтық мүддені қорғау мәселелері отандық тарихта маңызды орын алатыны сөзсіз. Бұл кезеңдегі саяси-әлеуметтік үрдістердің әсері тек халықтың жадысында ғана емес, сонымен қатар архив қорларында сақталған деректерде көрініс табады. Алайда кеңестік билікпен қоса келген қудалау саясатының салдарынан халық жадысында сақталған деректер «мұра» мағынасында ұмытылу алдында қалса, кейбір жағдайда ұмытылып та жатты. Сол себепті, аға буын өкілдерінен қалған мұраны құжат негізінде және цифрлық нұсқада сақтау, қосымша деректерге мән беру (фотоқұжат, қолжазба, мерзімді басылым, эпитафия, қолтаңба, естелік т.б. кездесетін деректер) – алдыңғы қатардағы зерттеу тақырыбы ретінде зерттеле беруі тиіс.

Соңғы он-жиырма жылда архив қорларында жүргізілген ізденістердің нәтижесінде ұлт зиялыларына қатысты есімдер толысып қана қоймай, XX ғ. бірінші жартысында болып өткен ірілі-ұсақты саяси, қоғамдық, мәдени шаралардың тарихи маңыздылығы да қайта қаралды. Мысалы, құғын-сүргін құрбандарын ақтау, құнды құжаттарды қолжетімді ету, құжаттарды цифрлық нұсқаға көшіру және т.б. деректерді жаңа қырынан қарастыру мүмкіндігін туғызды.

Түйін сөздер: Тоқмұхаммет Алтынторұлы; эпиграфикалық ескерткіш; эпитафия; қолжазба; естелік, қосымша деректер; дереккөз; Семей; Қарқаралы.

Кіріспе

Семей қаласының XX ғ. басында ірі сауда, білім, дін және мәдениет орталығына айналу үрдісі қоғам және дін қайраткерлерінің Семейге шоғырлану үрдісімен үндесе өткен Отан тарихындағы маңызды кезеңдердің бірі. Ол кезде Семей облысының құрамындағы экономикалық және мәдени жақтардан белсенді Қарқаралы уезімен байланысты 1905 ж. петиция ел ішінде өрбіген саяси-қоғамдық шараларда айрықша орын алды.

Осы орайда, Қарқаралы жерінде дүниеге келген, артынша Семейде қызмет еткен тұлғалардың есімдерін анықтау мәселесі отандық тарихта да, өлкетану саласында да жеке зерттеу тақырыптарын қажет етеді. Солардың қатарында Қарқаралы петициясына қатысқан, қоғам қайраткері Тоқмұхаммет Алтынторұлының тұлғасы кешенді зерттелмеген. Мысалы, Семей қаласының «Ескі мұсылман қорымында» Қарқаралыдан шыққан жүзге жуық кісінің бейіттері сақталған (XX ғ. басы мен ортасы). Олардың есімдерін анықтау арқылы XX ғ. басындағы саяси-қоғамдық қозғалыстар мен қатынастардың зерттелуіне салыстырмалы түрде үлес қосуға болады.

Тоқмұхаммет қажы Алтынторұлы Семейдің аталмыш «Ескі мұсылман қорымында» жерленген. Оның есімі түрлі жазба және ауызша деректерге байланысты «Тоқмұхамбет қажы», «Толмұхамет қажы», «Тоқмұхамбет Алтынторин», «Тоқмет қажы», т.б. болып кездеседі. Сондай-ақ, оның Құдыста (Иерусалимде) оқуы немесе ел арасында белгілі емші

болғаны да ауызша деректердің негізінде айтылып келеді. Бұндай мәліметтердің расталуы көп жағдайда өзге деректердің табылуы мен қарастырылуын талап ететіні анық.

Материалдар мен әдістер

Тоқмұхаммет Алтынторұлының есімі XIX-XX ғғ. материалдарында сирек кездескендіктен, оның өмірі мен шығармашылығы туралы мәліметтер көбіне ауызша не әдеби сипатта тарағанын ескереміз. Тарихи дереккөздердің қатарында Тоқмұхаммет Алтынторұлының есімі Ресейдің империялық тұсында жарық көрген экспедиция материалдарында, оның ішінде белгілісі «Департаментъ Государственныхъ Земельныхъ Имуществъ» тарапынан жарияланған көптомдықтарда кездеседі (Материалы, 1905).

Белгілі бір тарихи кезеңді зерттеудегі дәстүрлі әдістердің қатарында салыстыру мен проблемалық-хронологиялық әдістерге тоқталамыз. Тоқмұхаммет қажының есімі хронологиялық тұрғыдан XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. бірінші жартысына келетіні сол кезеңге сәйкес деректер негізінде белгілі. Тарихи тұлғаның өмір сүру кезеңдеріне жақын дереккөздердің қатарында эпитафия мен сирек кітаптарда кездесетін қолжазба мәтіндер негізгі зерттеу объектілері ретінде қарастырылады. Тоқмұхаммет Алтынторұлының өмір жолына қатысты кейбір мәліметтер қосымша деректер негізінде талқыланады.

Айталық, оның Қарқаралы петициясында қатысқаны жайлы тың дерек т.ғ.д., қоғам қайраткері Болатбек Нәсеновтың ізденістері нәтижесінде көпшілікке мәлім болды (Нәсенов, 2006). Тоқмұхаммет қажының тұлғасы жайлы алғашқылардың бірі болып тарихи және ауызша деректерді жүйелеуге әрекет жасаған да – Болатбек Нәсенов. Ол еңбектерінде тарихи тұлғаның өмірі мен қызметін зерттеуге бағытталған бірнеше деректемелік материалдарды жинақтауға тырысқан (Нәсенов, 2002). Бірақ, аталған зерттеушінің дереккөздерге терең тоқталмай, олардың шығу тегін толық көрсетпей жазғанын ескерген жөн.

Тоқмұхаммет қажының тұлғасына қатысты естелік, қолжазба материалдары да зерттеу барысында белгілі бір хронологиялық мәселелерді анықтауда пайдаланылады.

Тарихи тұлғаның Иерусалимде оқығаны, Қарқаралы өңіріндегі білім ошақтарының қалыптасуында белсенділік танытуы және емшілік қасиеті бірқатар өлкетанулық еңбектерде кездеседі. Мысалы, қарағандылық өлкетанушы Ю. Поповтың мақаласын атап өтуге болады. Ю. Попов келтірген тізімде Т. Алтынторұлына қатысты кейбір деректер, оның ішінде II Мемлекеттік Думаға выборщик (сайланушы) болғандығы жайлы, аз да болса, кездеседі (Попов, 2010).

Осы тұрғыдан Тоқмұхаммет қажыға қатысты тарихи, өлкетанулық және ауызша материалдарды зерттеуде: салыстыру, проблемалық-хронологиялық, далалық зерттеу, интервью, деректанулық және деректанулық анализ сияқты әдістерді қолдану тиімді болмақ. Деректерге жүгінгендегі пәнаралық және салааралық байланыстардың ескерілуіне септігін тигізетін әдістердің қатарында: бақылау, абстракциялық, контекстологиялық және т.б. қолданылады.

Талқылау

Тоқмұхаммет қажы Алтынторұлының есіміне байланысты деректерді қарастыруға түрткі болған үш себеп:

Біріншіден, эпиграфикалық ескерткіштің Семейдегі «Ескі мұсылман қорымында» анықталуы. Бұл арқылы тұлғаның өмір жолына қатысты кейбір деректерді өзара салыстыру және эпиграфикалық ескерткіштердің дереккөздік маңызын қарастыру мүмкіндігіне тоқталу;

Екіншіден, Семейдегі «Бір мұнаралы Ағаш мешіттің» қорында сақталған кітаптың форзац бетінде Тоқмұхаммет қажыға қатысты мәтіннің оқылуы. Бұл арқылы Тоқмұхаммет қажының болмысын (есімі, туған жері т.б.) өзге жазба мәтіндер арқылы салыстыру;

Үшіншіден, деректерді өзара салыстырып, тұлғаның өмірі мен қызметі және сол кезеңдегі кейбір әлеуметтік мәселелермен байланысын анықтауға әрекет жасау.

Республикалық «Абай» журналында авторлық мақаласын жариялап, «Қарқаралы петициясы» тақырыбын қарастырғандардың бірі т.ғ.к., тарихшы, ғалым Амантай Исин болды.

«Абай» журналының редакциясы жазғандай: «... зерттеуші ғалымдар Б. Нәсенов пен А. Исиннің мұрағат құжаттарына сүйене отырып жазған 1905 жылғы Қарқаралы петициясы туралы мақаласына тың деректер арқау болады...» деген жазбасы арқылы архивтік құжаттардың бірінші кезектегі дереккөз екеніне мән береміз (Нәсенов, Исин, 2006: 26). Себебі, дереккөздің негізгі және ең дәстүрлі түрі саналатын жазбаша дерек бұрыннан жақсы жіктелген (Беловинский, 2023: 161).

Ал қосымша деректерді негізгі дереккөзбен қоса қарастырудың маңыздылығы бүгінгі тарих ғылымында артпаса, кеміген емес. Мысалы, эпиграфикалық ескерткіштер материалдық мұра (түпнұсқа) болғандықтан, дереккөз ретінде маңызды мәліметтер бере алады.

Отандық зерттеушілердің пікірінше, тарихи тұлғалардың, хандар мен сұлтандардың ескерткіштерін зерттеуде жергілікті ақсақалдардың, аңыз бен қоршаған мекенді жақсы білушілердің әңгімелері маңызды. Өйткені, артынша олар тек эпиграфиялық ескерткіштердегі жазбалармен емес, сондай-ақ, архивтік құжаттармен, қолжазба шежірелермен, тарихи дереккөздермен расталып жатады (Кушкумбаев, Нурманова, 2019: 102). Бұл пікірді құлпытастарды зерттеумен айналысатын басқа да зерттеушілер қолдайды. Осыған байланысты, эпиграфикалық ескерткіштерде сақталған мәтіндегі мәліметтер сол кезеңнің мәдениет, білім, сауаттылық, көркемдік, архитектуралық, сәулеттік және т.б. салалары бойынша анық ақпарат беретін аса құнды дереккөз болып табылады (Жұмабекова, Дүйсенов, Таран және басқалар, 2024: 196).

Бүгінгі таңда Қазақстанның шығыс өңірі бойынша эпиграфикалық ескерткіштерді зерттеу ісі басқа өңірлермен салыстырғанда баяу жүргізілетінін байқауға болады. Кейбір жағдайда мүлдем қаралмаған. Мысалы, кейбір аудандардағы ауыл қожалықтары алқаптарында кездесетін бейіттер шашыраңқы орналасқандықтан: оларды қорым ретінде қарастырмау, іргелес орналасқан нысандарға, топонимдерге, гидронимдерге мән бермеу, сәйкесінше, өңірдің тарихнамасын толықтай меңгермеу, ескерткіштер тізіміне кеш енгізу және т.б. сияқты олқылықтар орын алуы мүмкін.

Құлпытастарды зерттеу және тиісті тізімдерге тіркеу әрекеттері көбіне батыс және солтүстік өңірлерде дамыған. Өрі Қазақстанның батыс өңірінде орналасқан құлпытастар басқа өңірлердегі ескерткіштерге қарағанда жан-жақты зерттелген (Жұмабекова, Дүйсенов, Таран және басқалар, 2024: 189). Сол себепті, XIX-XX ғғ. басына тиесілі құлпытастарды зерттеуші ғалымдардың Қазақстанның шығыс аймағына тартылуы әлі де өзекті қалып отыр.

Дереккөздерден белгілі бір ақпаратты алып, оны пайдаланудың әдістері заман талабына сай түрленіп отыруы қалыпты құбылыстардың бірі. Қарқынды түрде анықталып жатқан жаңа дереккөздер мен технологиялық жетістіктердің артуы дереккөздерден ақпаратты алу және пайдаланудың жаңа тәсілдерін қалыптастырып келеді. Қазіргі уақытта қарқынды дамып келе жатқан Digital humanities (цифрлық гуманитарлық ғылымдар) саласында жобалардағы пәнаралық ыңғайластыққа ерекше мән беріледі. Зерттеушілер бұны тиісті құралдар мен медиа арқылы цифрлық кеңістікте өткенді зерттеу мүмкіндіктерінің кеңеюі деп қарастырады (Брюханова, Иванова, 2024: 70).

Тоқмұхаммет Алтынторұлының есімі эпитафия және қолжазба мәтіндерде кездесетіні белгілі болған соң, ендігі кезекте оларды дереккөздік анализ арқылы талдау; тұлғасына қатысты материалдарды топтастыру, пәнаралық ыңғайластықтың маңыздылығын ашу; тарихи деректерді іріктеу, дереккөздерді салыстыру және сақтау мәселелері қойылады. Бұл кезеңде де, дереккөздердің шынайылығы мен цифрлық кеңістіктегі орны, маңызы көтеріледі. Айталық, Е.А. Брюханова мен Н.П. Иванованың «Базы данных и источниковедческий анализ в цифровую эпоху» тақырыбы 1897 ж. Бірінші жалпы санақтың Сібір бойынша материалдары негізінде қарастырылып, деректер қорының мысалдары келтірілген. Сонымен қатар, цифрлық деректер негізінде өзіндік ресурстар қорын жасаудағы цифрлық нұсқадағы тарихи құжаттар коллекциясы мен кітапхана және архив материалдарын пайдалану тарихи зерттеулердің шындығына айналды. 1897 ж. Ресей империясының алғашқы жалпы санағының материалдары бойынша мәліметтер базасы мен ақпараттық жүйелер дәл осылай құрылды, онда статистикалық мәліметтер де, санақ парақтарындағы мәліметтер де ұсынылған (Брюханова,

Иванова, 2024: 70).

Осы тұрғыдан Тоқмұхаммет қажының өмірі мен қызметін зерттеудегі пәнаралық және салааралық ыңғайластықтың маңызы көтеріледі. Дереккөздердің алуантүрлілігі де пәнаралық зерттеулерге алып келетіні анық. Эпиграфикалық ескерткіштердегі және көне қолжазбалардағы мәтіндерді цифрлық нұсқаға көшіру, артынша белгілі бір тарихи тұлғаға қатысты ақпаратты бөліп шығару жұмыстары өзекті.

Қазіргі таңда Тоқмұхаммет қажының өмірі мен қызметі туралы деректердің шектеулі болуы, оның тұлғасына қатысты зерттеулердің кемшін қалып отырғанын көрсетеді. Бұны ескерсек, сол кезеңдегі зерттеулер мен экспедициялардан алынған мәліметтерді ғылыми тұрғыдан қайта сараптап, толықтыру арқылы Тоқмұхаммет Алтынторұлының өмірі мен қызметін кешенді әрі терең талдауға мүмкіндік туындайды. Үрдіс тұлғаның тарихи рөлі мен шығармашылық мұрасының толыққанды зерттелуіне ықпал етіп, ғылымға жаңа деректер мен түсініктер енгізуге жол ашады.

Нәтижелер

Семей қаласында сақталған «Ескі мұсылман қорымы» 2016-2017 жж. Қазан қаласындағы Галимжан Ибраһимов атындағы Тіл, әдебиет және өнер институтының зерттеушілері тарапынан ішінара қарастырылған (Милли-мәдени мирасыбыз, 2017). Зерттеу нәтижесінде Семейге тиесілі кейбір тарихи тұлғалар мен қала тұрғындарының бейіттері табылып, ғылыми басылымдарда жарияланған. Солардың ішінде Қарқаралыға жақын елді-мекендерден шыққан кейбір азаматтардың құлпытастары оқылып, зерттеу әрекеттері қозғалған (Кесте-1).

Кесте 1. Семей қаласының «Ескі мұсылман қорымында» жерленген
Қарқаралы тумалары (Милли-мәдени мирасыбыз, 2017: 233-239).

№	Аты-жөні	Құлпытастағы мәтін (кітапта татар қаріпінде берілген, кестеде қазақ қаріпінде жазылды – М.Н.)
1	Ғабдрахман Бекметов	1933-нші жыл 5-нші июнде / офат 'Абд ар-Рахман Мұхаммедамин / оғлы Бекметов 29 жасында / Аллаһ рахмат қылсын амин
2	Обалы Алпысбайұлы	Әл-хүкім Лиллаһ / Абыралы азаматы Жалықбас руы / Обалы Алпысбайұлы / OBALЬ ALPISBAJULЬ / 1938 сәнә 12 августда / 42 жаста қайтыс болды / Рахматоллаһи 'алейһи
3	Рамазан Жүсіпбайұлы	Әл-хүкім Лиллаһ / руы Қаракесек марқұм / туған 1925 жылы Бармақ / қаласында / Қоянкөз төрім / табынан 1954 жылы / нда қайтыс болды / Рамазан Жүсіпбай / ұлы 1954 жылы / апрелдің 9-нда / қайтыс болды
4	Жүніс Опысұлы	Әл-хүкім Лиллаһи / Жүніс Опыс / ұлы / 1954 жылы / декабрдің / 2-сінде 59 / жасында офат / болды / Қарағанды / облысы Қу / ауданы 9-ншы / ауыл руы / Қаракесек / Көшім ішінде / Елшібек / Жүніс / Опыс

Кестеде ұсынылған эпиграфикалық ескерткіштердегі мәтіндер арқылы сол кезеңге тән жазу түрі, топонимдерге қатысты т.б. мәліметтер кездеседі. Құлпытастардың оқылуы белгілі бір тұлғаның аты-жөнін, оның туған жерін, руын ғана емес, тіпті ел тарихына да қатысты кейбір деректерді жеткізуі мүмкін. Қарқаралы жерінен шыққан тағы бірнеше есімді дерек ретінде келтірсек (Автордың далалық материалдары, 2024). Бұл есімдер 2023-2024 жж. Семейдегі «Ескі мұсылман қорымында» жерленген азаматтарды анықтау барысында белгілі болды (Кесте-2).

**Кесте 2. Семейдегі «Ескі мұсылман қорымында» жерленген
Қарқаралы өңірінің кейбір азаматтары**

№	«Ескі мұсылман қорымында» жерленген кейбір азаматтар
1	Қу ауданы, 5-ші ауыл азаматы Жүнісбек Дәукейұлы (1904-1958)
2	Қарқаралы уезінен Мұсабек Жолдаспайұлы (1928 ж. қайтыс болған)
3	Қарқаралы, 5-ші ауыл азаматы Саяр Олжабайұлы (1899-1960)
4	Қу ауданынан Омар Ермағанбетұлы 59 жасында (1899-1958)
5	Қарқаралы ауданынан Рысман Шонанұлы 48 жасында (1893/94-1941)

Кем дегенде екі жарым ғасырдан астам тарихы бар Семейдің «Ескі мұсылман қорымында» XIX-XX ғғ. қала және өңір тұрғындарымен қатар: қоғам қайраткерлері, қаланың құрметті азаматтары, діни қайраткерлер, мүдәріс-ғалымдар, қажылар мен ақсақалдар жерленген (Насыров, 2023: 7-8). Олардың есімдерін анықтау, өңірге сіңірген еңбектерін ашу, бағалау және сақтау мәселесі бүгінгі күнде туындап отырған басты зерттеу тақырыптарының қатарында.

Қазан ғалымдарынан кейін Семейдің «Ескі мұсылман қорымы» жергілікті дін қайраткері, тәуелсіз зерттеуші Рамиль Рахимбаев және автор бастамасымен 2023 ж. сәуір айында зерттеле бастады. Алғашқы деректемелер бойынша қала тарихында іздері қалған кейбір ғұламалар мен ұстаздардың бейіттері табылды. Олардың қатарында ақын Абай Құнанбайұлының шәкірттік кезеңінде Семейде ұстаздық еткен белгілі мүдәріс, дамолла Ризаэтдин (Риза ад-Дин бин Уәлид) хазіреттің де қабіртасы табылды (Насыров, 2023: 12).

Семейдің XIX-XX ғғ. басындағы ғұламаларымен қоса, 2023 ж. маусым айында Тоқмұхаммет қажының бейіті анықталды. Бейіт қорымның батыс бөлігінде, шеткі бұрышына қарай ығыса орналасқан. Үстінде өлшемдері жер бетінен 13×62×42 см болатын, сақталуы жақсы, гранит негізінде эпиграфикалық ескерткіштің орнатылғандығы тіркелді. Ескерткіштің беткі қабатында төрт жолдан тұратын эпитафия мәтіні кездеседі (Кесте-3). Ескерткіштің басқа жақ қапаттарында жазбалар кездеспейді. Мәтінің оқылуы жақсы, дегенмен цифрлық кескінді өңдеу арқылы кейбір пішіндерін нақтылау үшін қосымша нұсқасы ұсынылады (Сурет-1). Алдағы уақытта эпиграфикалық ескерткіштің толық зерттелуі фотограмметриялық құралдар мен тиісті ғалымдардың қатысуын талап етеді.

Кесте 3. Эпитафия мәтіні.

Мәтіннің қазақ тілінде оқылуы	Түпнұсқа мәтін
(1) Өл-қажы әл-харамаин Тоқмұхаммет	الحج الحرامين توق محمد
(2) бин Алтынтор 1933 сәнәдә	بن الطين طور ١٩٣٣ سنه دا
(3) май айында 71 жасында бақиға көшті	ماي ايندا ٧١ ياشندا بقى عا كوشتى
(4) руы Жалықбас	روى جاليقباس

Тоқмұхаммет Алтынторұлының қажылық сапарда болғаны эпиграфикалық ескерткіштегі мәтін арқылы тағы расталады. Мәтін тұлғаның өмірі туралы белгілі бір мәліметтерді қамтыса, ал өзге деректерде оның, мысалы, Иерусалимде білім алғаны да айтылады (Жеке қор, 2025). Мағлұматтың өзара сәйкестігі тұлғаның қажылық сапары кезінде Иерусалимде оқығандығын немесе сол жерде ғұламалардан дәріс тындағандығын болжауға мүмкіндік береді.

Бұл туралы Болатбек Нәсенов өз еңбектерінде келтіріп өтсе де, дереккөздердің шығу тегін ашып көрсетпеген. Айталық, Тоқмұхаммет Алтынторұлы Иерусалимдегі оқу жылдары кезінде, 1872-1877 жылдар аралығында, Меккеге қажылық сапарға барып тұрған (Нәсенов, 2002: 115). Кейбір деректер бойынша, ол Иерусалимдегі діни академияны бітірген (Нәсенов, 2006: 308). Сондай-ақ, немересі Мәсен Абдоллаұлының (1932-2017) жазбаларында атасы, Тоқмет қажының, Иерусалимдегі дін университетінде бес жыл оқығандығы туралы айтылады.

(Жеке қор, 2025).

Деректердің өзара ұқастығына қарағанда, Б. Нәсенов Тоқмет қажыға қатысты тарихи мәліметтерді Мәсен Абдоллаұлынан жазып алған. Себебі, авторлық еңбектерінде Б. Нәсенов Тоқмет қажының немересіне сілтеме берген (Нәсенов, 2002: 115). Ол естеліктер М. Абдоллаұлының дәптерінде де кездеседі (Жеке қор, 2025). Осыған байланысты, Тоқмұхаммет Алтынторұлының қажылық сапары мен Иерусалимде оқығандығы туралы мағлұматтың нақтылануы архивтік құжаттардың табылуына тәуелді болып қалады.

Б. Нәсеновтың ізденістеріне қарағанда, ол кісі Абыралы жерінен қажылыққа кеткен 169 есімді анықтаған (Нәсенов, 2002: 96). Ал Тоқмет қажы сияқты Меккеге ертерек кеткен өзге де кісілердің бару жолдарын келесі түрде түсіндірген: «1898 жылға дейін қажылыққа барған аталарымыз туралы құжаттар мұрағатта болмады. Мұрағаттағы мамандардың айтуы бойынша ол кісілер туралы құжаттар Омскіде немесе Петроградта болуы мүмкін дейді. Ертеректе өз беттерімен барғандар туралы деректер болмауы да тиіс». Осы мәліметке сүйенсек, Б. Нәсенов Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архиві сияқты отандық қорларымен танысып, Омск архивтеріне жүгінбеген, бірақ болжаған.

Осыған жақын мағлұмат Тоқмет қажының немересі Мәсен Абдоллаұлының дәптерінде кездеседі. Ол атасының Меккеге кеткені туралы құжаттың Омск қаласындағы архивте сақталғандығын көрсеткен (Жеке қор, 2025). Дегенмен Б. Нәсенов те, М. Абдоллаұлы да архивтік құжатқа сілтеме бермеген. Оның үстіне, М. Абдоллаұлы «архивтік құжаттың Омск қаласында сақталуы мүмкін» екенін Б. Нәсеновтың хабарлауынша да есте сақтап, кейін оны өз жазбаларында қалдыруы ықтимал. Деректердің аздығы, жоғарыда айтылғандай, сұрақты ашық қалдырады.

Тоқмет қажының туған жылына қатысты түрлі мәліметтер кездеседі. Мысалы, ескерткіштегі мәліметке сүйенсек, және оны нақты дерек деп қабылдасақ, Тоқмет қажы 1933 ж. 71 жасында, 72 жасына қараған шақта қайтыс болған. Бұл оның шамамен 1861 ж. төңірегінде дүниеге келгенін аңғартады. Сәйкесінше, тұлғаның 10-12 жасында Иерусалимге барып, академияны аяқтауы күмән туғызуы мүмкін.


Бұған байланысты сәл өзгеше деректерді Б. Нәсенов келтірген. Ол Тоқмұхаммет қажының 1855 ж. дүниеге келгені және Иерусалимге 1872 ж. он жеті жасында кеткені жайлы мағлұмат берген (Нәсенов, 2002: 115). Айталық, Мәсен Абдоллаұлының жазбаларында Тоқмұхаммет Алтынторұлы ауыл ақсақалдарының қолдауымен Меккеге 1870 ж. кеткені жайлы жазылған. Яғни, шамамен 1870 жж. басы-ортасы. Бала Тоқмет әкесінен жетім қалса да, зерек болған. Ауылда оны оқытатын тиісті молданың болмауы себепті, баланың қабілетін жоғалтпай, Мекке жаққа жіберуді ақсақалдар жөн көрген (Жеке қор, 2025). Бұл естеліктер де Тоқмет қажының тұлғасын бейнелейтін деректердің қатарында қарастырылды.

Тоқмет қажының ел арасында құрметті қажы, емші болғаны сөзсіз. Архив қорларының толық зерттелмеуіне байланысты, тұлғаның Иерусалим қаласында оқығанын жоққа шығара алмаймыз. Мысалы, әр жылдары Иерусалимде ондаған медреселер жұмыс атқарып тұрған (Uluslararası Osmanlı döneminde, 2018: 103-104), ал Османлы мемлекеті тұсында ірі оқу орны ұғымында танымал болғаны «Ömeriyye Mederesesi» кездеседі (Bildiri özetleri kitabı, 2024: 39). Тоқмет қажының сол медреселердің бірінде оқуы мүмкін. Себебі, Б. Нәсенов келтірген «дін академиясы» және М. Абдоллаұлы жазған «дін университеті» ұғымдары «Ömeriyye Mederesesi» сияқты ірі оқу орындарына қатысты айтылуы ықтимал.

Тоқмұхаммет Алтынторұлының туған жылын анықтау барысында түрлі деректерді салыстыру мүмкіндігі қарастырылды. Эпиграфикалық ескерткіштегі мәтін бойынша тұлғаның шамамен 1861 ж. дүниеге келгені болжалды. Тоқмет қажының 1906 ж. II Мемлекеттік Думаға выборщик болып сайланған кезінде қырық алты жаста болғаны туралы дерек бар (Попов, 2010). Мөлшермен есептегенде, бұл дерек бойынша да Тоқмет қажының 1860/61 ж. дүниеге келуі болжалады.

Тоқмұхаммет Алтынторұлының өміріне қатысты тың мағлұмат 1905 ж. жарияланған экспедиция материалдарында кездеседі. Онда оның есімі «Тохмагамбетъ Алтинторы» деп жазылып, Бөрілі болысының №1 әкімшілік ауылында №20 ауылдың ақсақалы ретінде

тіркелген. Қыстауы «Сокур-тай», руы – Джалықпай (Жалықпас) екені жазылған. №20 ауылда 16 кісінің өмір сүргені және мал басы сияқты өзге де статистикалық мәліметтер қамтылған. Сонымен қатар, Бөрілі болысының №1 әкімшілік ауылында №24 ауылдың ақсақалы болған Махметъ Алтынторы есімді тұлға кездеседі. Қыстауы – Уй-конусь (Материалы, 1905: 366-369). Шежіре деректері бойынша олардың ағайынды болулары белгілі (Электронды ресурс, URL). Алайда, Тоқмет қажының туған жылы мен сол кездегі жас мөлшері туралы деректер кездеспейді.



*Сурет 1. Тоқмұхаммет Алтынторұлының бейітіне
қойылған эпиграфикалық ескерткіш. Беткі қабаты (цифрлық кескінді өңдеу).
Өлшемдері: 13×62×42 см. Семей. 22.07.2024 ж.*

Тоқмұхаммет қажының 1933 ж. қайтыс болуы қаладағы әлеуметтік жағдаймен, атап айтқанда, аштық, эпидемия, азық-түлік тапшылығы, сондай-ақ 1929 ж. басталған діни тұлғаларды қудалаудың кері әсері және т.б. дағдарыстармен байланысты болуы мүмкін. Әсіресе, қарттар мен балалардың әлеуметтік дағдарыстарды ауыр көтеретіні белгілі. Мысалы, жаңа деректер бойынша, сол кездері азық-түліктің жетіспеушілігінен көмекке мұқтаж балалардың Семейдегі саны 450-650 аралығында болған (Атантаева, Ахметова, Ботабекова, 2024: 124).

Абай облысының мемлекеттік архивінде (бұдан әрі АОМА) XX ғ. бірінші жартысында қайтыс болған кейбір қала және қалаға жақын елді-мекендердің азаматтары тіркелген «Азаматтық актілерді тіркеу» құжаттар топтамасы сақталған. Алайда 1932-1933 жж. аралығында, оның ішінде ақпан-маусым айларында қайтыс болған азаматтардың қатарында Тоқмұхаммет Алтынторұлының есімі кездеспеді. Кейбір жағдайда, әсіресе, әлеуметтік дағдарыстың шиеленіскен уақыты – 1933 ж. көп азаматтың есімдері тіркелмей қалуы белгілі. Мысалы, «от упадка питания» («әлсіреу»), «туберкулез», «дизентерия» т.б. себептер кең тарағандықтан, кейбір азаматтардың есімдері нақты жазылмаған (АОМА. Қ.755, Т.4).

Бұдан бөлек, Тоқмет қажының шамамен 1933 ж. «атылып кеткені» жайлы мәлімет кездессе, 1930 ж. «халық жауы» деп түрмеге жабылғаны да айтылады. Тек архивтік құжаттарға сілтеме көрсетілмеген (Нәсенов, 2002: 114-115). Ұқсас мәлімет немересі Мәсен Абдоллаұлының жазба естеліктерінде кездеседі. Мысалы, ол атасының 1933 ж. Семей түрмесінен ақталып шыққаны туралы тоқталған. Бірақ, «атылып кетті» деген ақпарат жоқ (Жеке қор, 2025).

Тоқмет қажының 1933 ж. қайтыс болғаны эпиграфикалық ескерткіште анық жазылса,

немересінің естелігі де осы мәліметті растайды. Жазбалары бойынша, ол 1932 ж. қараша айында дүниеге келген. Тоқмет қажы сәбиді алдына алып, батасын берген. Мәсенге мөлшермен алты ай болғанда, оның отбасы Бийск қаласына көшуге мәжбүр болған (Жеке қор, 2025). Егер Тоқмет қажының 1933 ж. Семей түрмесінен шыққаны рас мәлімет болса, онда ол немересін көріп үлгерген болады. Сәйкесінше, 1933 ж. мамыр айында қайтыс болған соң, ұлы Абдолла Бийск қаласына шығып кетеді. Бийскте Абдолланың 1932-1934 жж. аралығында «сіріңке фабрикасының» жобасын әзірлеу кезеңінде атқарған қызметі жөніндегі деректерді ұлы Мәсен келтіреді (Жеке қор, 2025). Осылайша, эпиграфикалық ескерткіштегі жазба мен М. Абдоллаұлының естеліктері бойынша Тоқмет қажының 1933 ж. қайтыс болғаны анықталады. Жазба естелікте Тоқмет қажының «Семейдің ескі зиратында», яғни «Ескі мұсылман қорымында» жерленгені туралы да жазылған (Жеке қор, 2025).

Эпитафия мәтінінен алынған деректерді сирек кітапта кездесетін қолжазба мәтінмен салыстыру арқылы Тоқмұхаммет Алтынторұлына қатысты кейбір мәліметтерді нақтылауға болады. Семей қаласының 1847 ж. бергі тарихы бар Ағаш мешіттің (Милли-мәдени мирасыбыз, 2017: 255-256) қорында көне қолжазбалар мен баспа кітаптар сақталған.

Солардың ішінде белгілі ислам ғұламасы Ибн Абидин атымен танымал Мұхаммедамин ибн 'Омар ад-Димашкидің (1784-1836) «Радд әл-Мұхтар» еңбегі кездеседі. «Радд әл-Мұхтар» – «Абдыраушыларға нұсқау» мағынасындағы еңбек Ханафи мазхабының кейінгі кезеңіндегі ең танымал теологиялық-құқықтық кітаптарының бірі. Еңбек 'Ала ад-Дин әл-Хаскафидің «Ад-Дурр әл-Мұхтар» кітабына пікір ретінде жазылған (Гайнутдин, Баишев, 2022: 35).


Семей мешітінде сақталған өлшемдері 19×27 см болатын бұл кітап Н. 1307 (1889/90 ж.) Ыстанбұл қаласындағы «Матба'а-и 'Амире» баспаханасында жарық көрген. «Матба'а-и 'Амире» – Османлы мемлекетіндегі тұңғыш баспаханалардың бірі. Негізі Ибраһим Мүтеферрика тарапынан 1729 ж. қаланған (Necati, 2018: 587).

Кітаптың Тоқмет қажының қолына келу тарихы туралы деректер жоқ. Ол оны Иерусалимнен алып келуі де мүмкін, Семей сияқты қала кітапханаларынан да алуы мүмкін және т.б.

Аталған көне кітаптың форзац бетінде Тоқмұхаммет қажыға қатысты араб және кирилл қаріптерінде қолжазба мәтін кездеседі (Сурет-2). Мәтін толығымен жіңішке қалам сиясымен, әріптері ұсақ пішінде жазылған. Соған байланысты араб және кирилл қаріптеріндегі мәтіндердің бір тұлғаға тиесілі екенін түсіну қиындық туғызбайды.

Араб қаріпіндегі мәтін: «Симбалаттинской облосты Каркаралинскогий оязда / һәм Бөрлинской болосты брнчі аулның қазағы / ғалым молла Тоқмұхаммет Алтынторы оғлы ошбу жазуды жазғұзыб / Қайдар Темірғали оғлы».

Кирилл қаріпіндегі мәтін: «Каркаралинской уѣзда / Семпалатинской области / Борлинской волости / №1^{го} аула / учителя / Тохмухамбетъ / Алтинториновъ».



Сурет 2. Көне кітаптың форзац бетінен фрагмент
(цифрлық кескінді өңдеу). Кітаптың толық өлшемдері: 19×27 см.

Мәтіндер арқылы екі тілдің қатар қолданылғанын көрсек, текстологиялық тұрғыда екі мәтіннің бір-бірінен өзгешелігін байқаймыз. Араб қаріпіндегі «ғалым-молла» ұғымын, кирилл қаріпіндегі «учителя» ұғымымен сәйкестендірсек, сөздердің Тоқмет қажыға байланысты екені аңғарылады. Мәтіндегі кирилл қаріпінде жазылған «учителя» сөзі «кітаптың иесі» (тәуелдік жалғау: кімдікі?) деген мағынаны беруі әбден мүмкін. Араб қаріпіндегі «осы жазуды

жазғызып» деген ұғым да тәуелдік жалғау ретінде Тоқмұхаммет есіміне қатысты деп қарастыра аламыз.

Тек Қайдар Темірғалиұлының есімі кирилл қаріпінде жазылмаған. Сол себепті, Қайдар есімді тұлғаның берілген мәтінде қандай рөл атқарып тұрғанын анықтау қиын. Сұрақ кітаптағы қолжазбаны нақты кім қалдырғанын түсінуге де кедергі болуы мүмкін. Бұл жағдай мәтіндер арасындағы текстологиялық зерттеуді қажет ететіні анық. Егер форзацтағы жазба Тоқмұхаммет қажыға тиесілі болса, онда ол өзге жазбалармен сәйкестендіріледі. Кітаптың қалған парақтарында басқа жазба болмағандықтан, мәтін әзірге жалғыз дереккөз ретінде қарастырылды.

Тоқмет қажының есіміне байланысты деректердің саны да біршама толысты. 1905 ж. экспедиция материалдарында оның есімі «Тохмагамбетъ» деп кездессе (Материалы, 1905: 366), эпитафияда араб емлесіне сәйкес «Тоқмұхаммет» деп жазылған. Кітаптың форзац бетінде де есімі араб емлесіне сәйкес «Тоқмұхаммет» ретінде келтірілген. Кирилл қаріпіндегі «Тохмухамбетъ» жазбасы және 1905 ж. кездесетін «Тохмагамбетъ» жазбасына сүйенсек, ел арасында оның есімі шамамен «Тоқмұхамбет» ретінде дыбысталғаны ашықтала түседі. Мәсен Абдоллаұлы да атасының есімін «Тоқмұхамбет» дыбысталуында жазған (Жеке қор, 2025). Тарихта «Мұхаммед» және «Мұхамбет» дыбысталу үлгілері түркі тілдеріндегі заңдылықтарға байланысты екені белгілі. Араб емлесінің жазу үлгісіне қарамастан, «М», «Б», «П» фонемаларының өзара алмасуы және т.б. (Баскаков, 1988: 100). Дереккөздерде «Тоқ» / «توق» түбірінің анық жазылғанын негізге алсақ, «Толмұхаммет» нұсқасы тілдегі түрлі ерекшеліктерге байланысты бұрмаланғанын көруге болады.

Тоқмұхаммет Алтынторұлының тұлғасына қатысты жазылған зерттеулерде оның әлеуметтік рөлдері әртүрлі көзқарастармен талданады. Мысалы, Б. Нәсеновтың еңбегінде ол гипнозист, білгір дәрігер, ағартушы және қажы ретінде сипатталады (Нәсенов, 2006: 308). Қажы болғандығы эпитафиядағы мәтіндермен салыстырылса, діни істердегі белсенділігі кітаптағы қолжазба мәтінде нақтылана түседі. Әлихан Бөкейханның жазбасында да II Мемлекеттік Думаға сайланушылардың қатарында өңірдегі белгілі, құрметті ақсақалдар, қажылар мен жас байлардың басым болуы айтылған (Выборы, 2008: 47).

Осылайша, Тоқмұхаммет қажы Алтынторұлы (1861 – 1933) жылдары өмір сүрген Абыралы мен Семей өңірлерінің қоғам әрі дін қайраткерлерінің бірі. Оның Қарқаралы петициясы мен Дума істеріне араласуы, ел ішіндегі мәселелерді шешуі, емшілік қасиеттері – көпқырлы тұлға болғандығының көрінісі.

Тұлға туралы толық әрі жан-жақты түсінік қалыптастыру үшін тарих, мәдениет, әдебиет, дін, әлеуметтану сияқты әртүрлі салалардың әдіс-тәсілдері қажет. Алдағы уақытта архивтік құжаттар мен басқа да дереккөздердің нақтылануы, жаңартылуы және толықтырылуы бұл тақырыпты кеңінен қарастыруға мүмкіндік туғызатыны сөзсіз.

Қорытынды

Тоқмұхаммет қажы Алтынторұлының өмірі мен қызметіне қатысты деректерді салыстыру мен дереккөздік анализ талдаулары жүргізілді. Бұл зерттеулер негізінен 1905 ж. экспедиция мәліметтерімен және кейін анықталған эпитафия мен қолжазба мәтіндерімен сәйкес келетін деректерді қамтыды. Атап айтқанда, оның шығу тегі кезіндегі Қарқаралы уезі, Бөрілі болысындағы №1 ауылдан болуы, руы мен дін істеріндегі белсенділігі және т.б. Сондай-ақ, талданған деректер бойынша, оның 1933 ж. қайтыс болуы, сәйкесінше шамамен 1861 ж. дүниеге келуі, қажылық сапары мен ұстаздық еткені жайлы мағлұмат қарастырылды. Алынған мәліметтер бойынша жазбаша және ауызша деректердің негізінде салыстыру әрекеттері қолданылды. Нәтижесінде, Тоқмет қажының өміріне қатысты кейбір хронологиялық және әлеуметтік аспектілері нақтыланды.

Тұлғаның өмірі мен қызметін зерттеуде дереккөздердің түрлілігі, қосымша деректердің анықталуы мен өзара сәйкестендірілуі, пәнаралық ыңғайластықтың дамуы, цифрлық құралдардың енгізілуі, эпитафия, қолжазба мәтіндердің анықталуы және т.б. маңызды ақпарат көзінің қоры екеніне тоқталамыз. Осы орайда, деректер қорын құрастыру, соның ішінде

эпиграфикалық ескерткіштер мен қолжазбаларды сақтау ісі, оларды цифрлық нұсқадағы қорларға енгізу бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып қала бермек.

Әдебиеттер тізімі

- Автордың далалық материалдары. «Ескі мұсылман қорымы». Семей қ. 2024 ж.
- Автордың далалық материалдары. Жеке қорда сақталған Мәсен Абдоллаұлының қолжазба материалы. Информант Тохметова Г.М., Астана қ. 2025 ж.
- Абай облысының Мемлекеттік архиві. АОМА. Қ. 755, Т.4. Книга записей актов гражданского состояния.
- Атантаева Б.Ж., Ахметова Р.Д., Ботабекова А.Р. Дети – жертвы Казахстанского голодомора (по материалам Государственного архива области Абай). Вестник Университета Шакарима. Серия: Исторические науки. Том 1. №1 (2024). С. 115-128.
- Баскаков Н.А. Историко-типологическая фонология тюркских языков / Отв. ред. Э.Р. Тенишев. – М.: Наука, 1988. – 208 с.
- Беловинский Л.В. К вопросу о музейном источниковедении и вещественных источниках // Вестник Московского государственного университета культуры и искусств. 2023. №2 (112). С. 159-165. URL: <http://doi.org/10.24412/1997-0803-2023-2112-159-165> (жүгіну датасы: 19.07.2024).
- Брюханова Е. А, Иванова Н. П. Базы данных и источниковедческий анализ в цифровую эпоху: возможности и ограничения (на примере данных Переписи 1897 года по Сибири) / Вестник Пермского университета. История. 2024. № 4(67). С. 69-83. doi 10.17072/2219-3111-2024-4-69-83.
- Выборы в I–IV Государственные думы Российской империи. (Воспоминания современников. Материалы и документы) / Авторы концепции проекта и составители: И.Б. Борисов, Ю.А. Веденеев, И.В. Зайцев, В.И. Лысенко / Под общ. научн. ред. А.В. Иванченко. – М., 2008. 860 с.
- Гайнутдин Р.И. Баишев Р.И. Ханафитский мазхаб: история становления, классификация и обзор основных источников // Ислам в современном мире. 2022; 4: 27-42. URL: <http://doi:10.22311/2074-1529-2022-18-4-27-42> (жүгіну датасы: 20.07.2024).
- Жұмабекова Г.С., Дүйсенов Б.Д., Таран Н.И., Манапова Ә.М., Базарбаева Ғ.А. Тобыл бойы эпиграфикалық ескерткіштері: кешенді зерттеулердің алдын ала нәтижелері. Қазақстан археологиясы. 2024. № 3 (25). 186–206-бб. DOI: 10.52967/akz2024.3.25.186.206.
- Кушкумбаев А.К., Нурманова А.Ш. Казахские эпиграфические памятники как источник по генеалогии джучидской элиты // Ногайцы: XXI век. История. Язык. Культура. От истоков – к грядущему. – Черкесск: КЧИГИ; Карачаевск: КЧГУ. – 2019. С. 95-104. URL: <https://www.academia.edu/resource/work/40422438> (жүгіну датасы: 19.07.2024).
- Материалы по киргизскому землепользованию собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Семипалатинская область. Каркаралинский уезд. Том-VI-й. – С.-Петербург. – 1905.
- Милли-мәдени мирасыбыз: Қазақстан татарлары. Семей. – Казан. 2017. – 360 б. – (Фәнни экспедициялар хәзинәсенән; унижиденче китап), редколлегия: К.М. Миңнуллин (рәис), И.Г. Гомәров, М.И. Әхмәтжанов, төзеуче-мөхәррир ф.ф.д. И.Г. Закирова.
- Насыров М. Семейдегі ескі мұсылман қорымы // Республикалық «Абай» журналы. 2023. №5. – 6-15 бб.
- Нәсенов Б.Н. Абыралы – қанды жылдары (1905-1945 ж.). Екінші бөлім. Үшінші кітап. Новосибирск. – 2002. – 642 б.
- Нәсенов Б.Н. Абыралы саңлақтары, Абыралы – Тарландары. Төртінші бөлім. Бесінші кітап. Алтыншы кітап. Алматы-Новосибирск. – 2006.
- Нәсенов Б., Исин А. 1905 жылғы Қарқаралы петициясында және патшаға жіберілген телеграммаға қол қойған қайраткерлер // Республикалық «Абай» журналы. 2006. №3. 26-29 бб.
- Попов Ю. Индустриальная Караганда // Свет далеких имен. – Караганда. – 11 сентября, 2010. – С.5.

Электронды ресурс. Генеалогия (Шежіре) казахских родов. URL: <https://genealogic.narod.ru/kazakh/sr/argyn/karakesek-zhalykbas-kurman-bokan-toksanbaj.png> (жүгіну датасы: 16.01.2025).

Bildiri özetleri kitabı. Geçmişten Günümüze Filistin Sempozyumu. Editörler: Dr. Öğr. Üyesi Faruk NARMANLI, Dr. Öğr. Üyesi Mahmoud BENRAS, Dr. Öğr. Üyesi Tuğba VELİOĞLU. – GİVAY. Giresun İslami İlimler Vakfı Yayınları. No:5. Giresun, 2024. – 136. Pdf. (жүгіну датасы: 30.01.2025).

Necati Çavdar. İbrahim Müteferrika'nın "Usûlü'l-hikem fî nizami'l-ümem" adlı eserine göre Osmanlı askeri sisteminin sorunları ve çözümleri / Lale devrin'de Osmanlı devleti ve Nevşehir. – Ankara, 2018, editörler: Prof. Dr. İlyas GÖKHAN-Dr. Öğr. Üyesi Hüseyin SARAÇ Dr. A. Gökçe ÖZCAN. URL: <https://www.academia.edu/resource/work/37966129> (жүгіну датасы: 20.07.2024).

ULUSLARARASI OSMANLI DÖNEMİNDE KUDÜS'TE İLMİ HAYAT VE EĞİTİM SEMPOZYUMU. Fatih Sultan Mehmet Vakıf Üniversitesi / Bağcılar Belediyesi. Genel Koordinatör: Kenan GÜLTÜRK, Belediye Başkan Yrd. No:77 Bağcılar - İstanbul. – 2018. Pdf. (жүгіну датасы: 30.01.2025).

Мадияр Г. Насыров

Университет имени Шакарима города Семей, Семей, Казахстан

ЛИЧНОСТЬ ТОКМУХАММЕДА АЛТЫНТОРУЛЫ: ЭПИТАФИИ И РУКОПИСНЫЕ ТЕКСТЫ (ИСТОЧНИКОВЕДЧЕСКИЙ АНАЛИЗ)

Аннотация. В статье рассматривается личность представителя интеллигенции, уроженца Абралинского региона, общественного и религиозного деятеля первой четверти XX в. Токмухаммета хаджи Алтынторулы, принявшего участие в Каркаралинской петиции (1905 г.) на основе эпитафии и рукописных текстов. Несмотря на то, что объектом исследования является личность Токмухаммета хаджи, основной акцент также делается на важности и на рассмотрении второстепенных источников.

Безусловно, вопросы защиты национальных и правовых интересов, поднятые в политико-общественных движениях первой половины XX века, занимают важное место в отечественной истории. Влияние политико-социальных процессов этого периода находит отражение не только в коллективной памяти народа, но и в материалах, сохранившихся в архивных фондах. Однако в силу политики преследования, проводимой советской властью, многие из этих данных, хранившихся в народной памяти, как часть "наследия", в некоторых случаях были утрачены. Поэтому сохранение этого наследия через документы, в цифровом формате, а также придание значения дополнительным источникам (фотодокументы, рукописи, периодические издания, эпитафии, автографы, воспоминания и другие материалы) должны стать важной темой для научных исследований.

В результате поисковых работ в архивных фондах за последние десять–двадцать лет не только были дополнены имена, связанные с национальной интеллигенцией, но и пересмотрена историческая значимость крупных политических, общественных и культурных событий, имевших место в первой половине XX века. Например, реабилитация жертв репрессий, доступность ценных документов, перевод материалов в цифровой формат и другие меры позволили взглянуть на эти данные с новой точки зрения.

Ключевые слова: Токмухаммет Алтынторулы; эпитафический памятник; эпитафия; инскрипт; воспоминание, второстепенные данные; источник; Семей; Каркаралы.

Madiyar G. Nasyrov

Semey University named after Shakarim, Semey, Kazakhstan

TOKMUKHAMMET ALTYNTORULY'S PERSONALITY: IN THE TEXTS OF EPITAPHS AND HANDWRITTEN INSCRIPTIONS (SOURCE ANALYSIS)

Abstract. The article discusses the personality of Tokmukhammet Haji Altyntoruly, a representative of the intelligentsia who participated in the Karkaraly petition (1905), a native of the Abyraly region, a public and religious figure of the first quarter of the XX century on the basis of epitaphs and handwritten texts. Although the object of the study is the personality of Tokmukhammet Haji, the main emphasis is also placed on the importance of data, consideration of additional data.

Undoubtedly, the issues of protecting national and legal interests, raised in the political and social movements of the first half of the twentieth century, occupy an important place in domestic history. The influence of political and social processes during this period is reflected not only in the memory of the population, but also in the data stored in archival funds. However, due to the policy of persecution of the Soviet government, the data stored in the memory of the people, in the sense of "heritage", in some cases were forgotten. Therefore, preserving the legacy of the older generation on the basis of a document and in digital format, giving importance to additional data (photographic document, manuscript, periodical, epitaph, autograph, memoir, etc.) should be studied as a topic of advanced research.

As a result of the searches conducted in the archival funds over the past ten to twenty years, not only names related to the intelligentsia of the nation have been replenished, but also the historical significance of large-scale political, social, and cultural events that took place in the first half of the twentieth century has been revised. For example, rehabilitation of victims of repression, making valuable documents available, digitizing documents, etc. This allowed to examine the data from a new perspective.

Keywords: Tokmukhammet Altyntoruly; epigraphic monument; epitaph; handwritten inscriptions; memory; secondary data; source; Semey; Karkaraly.

References

Avtordyng dalalyq materialdary [Authors' field materials]. «Eski musulman qorymy», Semey q. 2024 zh.

Avtordyng dalalyq materialdary. Zheke qorda saqtalghan Masen Abdollaulynyng qolzhazba materialy [Authors' field materials. Handwritten material of Masen Abdullauly, stored in a private fund]. Informant Tohmetova G.M., Astana q. 2025 zh.

Abaj oblysynyng Memlekettik arhivi. AOMA. 755 q. 4 t. Kniga zapisej aktov grazhdanskogo sostojanija [The book of records of acts of civil status].

Atantaeva B.Zh., Ahmetova R.D., Botabekova A.R. Deti – zhertvy Kazahstanskogo golodomora (po materialam Gosudarstvennogo arhiva oblasti Abaj) [Child victims of the Kazakh Holodomor (based on the materials of the State Archive of the Abai region)]. Vestnik Universiteta Shakarima. Serija: Istoricheskie nauki. Tom 1. №1 (2024). S. 115-128. [In Russian].

Baskakov N.A. Istoriko-tipologicheskaja fonologija tjurkskih jazykov [Historical and typological phonology of the Turkic languages] / Otv. red. Je.R. Tenishev. – M.: Nauka, 1988. – 208 s. [In Russian].

Belovinskij L.V. K voprosu o muzejnom istochnikovedenii i veshhestvennyh istochnikah [On the issue of museum source studies and material sources] // Vestnik Moskovskogo gosudarstvennogo universiteta kul'tury i iskusstv. 2023. №2 (112). S. 159-165. URL: <http://doi.org/10.24412/1997-0803-2023-2112-159-165> (Accessed 19.07.2024). [In Russian].

Brjuhanova E. A, Ivanova N. P. Bazy dannyh i istochnikovedchesknj analiz v cifrovuju jepohu: vozmozhnosti i ogranichenija (na primere dannyh Perepisi 1897 goda po Sibiri) [Databases

and source analysis in the Digital Age: opportunities and limitations (using the 1897 Siberian Census data as an example)] / Vestnik Permskogo universiteta. Istorija. 2024. № 4(67). S. 69-83. doi 10.17072/2219-3111-2024-4-69-83. [In Russian].

Vybory v I–IV Gosudarstvennyye dумы Rossijskoj imperii. (Vospominaniya sovremennikov. Materialy i dokumenty) [Elections to the I–IV State Duma of the Russian Empire. (Memoirs of contemporaries. Materials and documents)] / Avtory koncepcii proekta i sostaviteli: I.B. Borisov, Ju.A. Vedeneev, I.V. Zajcev, V.I. Lysenko / Pod obshh. nauchn. red. A.V. Ivanchenko. – M., 2008. 860 s. [In Russian].

Gajnutdin R.I. Baishev R.I. Hanafitskij mazhab: istoriya stanovleniya, klassifikacija i obzor osnovnyh istochnikov [Hanafi Madhhab: the history of its formation, classification and review of the main sources] // Islam v sovremennom mire. 2022; 4: 27-42. URL: <http://doi:10.22311/2074-1529-2022-18-4-27-42> (Accessed 20.07.2024). [In Russian].

Zhumabekova G.S., Dujsenov B.D., Taran N.I., Manapova A.M., Bazarbaeva G.A. Tobyl bojy jepigrafikalyq eskertkishteri: keshendi zertteulerding aldyn ala natizheleri [Epigraphic monuments of the Tobol river region: preliminary results of a comprehensive study]. Qazaqstan arheologijasy. 2024. № 3 (25). 186–206-bb. DOI: 10.52967/akz2024.3.25.186.206. [In Kazakh].

Kushkumbaev A.K., Nurmanova A.Sh. Kazahskie jepigraficheskie pamjatniki kak istochnik po genealogii dzhuchidskoj jelity [Kazakh epigraphic monuments as a source for the genealogy of the Jochid elite] // Nogajcy: HHI vek. Istorija. Jazyk. Kul'tura. Ot istokov – k grjadushhemu. – Cherkessk: KChIGI; Karachaevs: KChGU. – 2019. S. 95-104. URL: <https://www.academia.edu/resource/work/40422438> (Accessed 19.07.2024).

Materialy po kirgizskomu zemlepol'zovaniju sobrannye i razrabotannye jekspedicij po issledovaniju stepnyh oblastej. Semipalatinskaja oblast'. Karkaralinskij uezd. Tom-VI-j [Materials on Kyrgyz land use collected and developed by the expedition for the study of steppe regions. Semipalatinsk region. Karkaralinsky district. Volume VI.]. – S.-Peterburg. – 1905. [In Russian].

Milli-madani mirasybyz: Kazakhstan tatarlary. Semej [National and cultural heritage: Tatars of Kazakhstan. Semey]. – Kazan. 2017. – 360 b. – (Fanni jekspedicijalar hazinasennan; unjidenche kitap), redkollegija: K.M. Mingnullin (rais), I.G. Gomarov, M.I. Ahmatjanov, tozeuche-moharrir f.f.d. I.G. Zakirova. [In Tatar].

Nasyrov M. Semejdegi eski musulman qorymy [Old Muslim necropolis in Semey] // Respublikalyq «Abaj» zhurnaly. 2023. №5. – 6-15 bb. [In Kazakh].

Nasenov B.N. Abyraly – qandy zhyldary (1905-1945 zh.)» Ekinshi bolim. Yshinshi kitap. Novosibirsk. – 2002. – 642 b. [In Kazakh].

Nasenov B.N. Abyraly sanglaqtary, Abyraly – Tarlandary. Tortinshi bolim. Besinshi kitap. Altynshy kitap [Abyraly sanglaqtary, Abyraly – Tarlandary. The fourth part. The fifth book. Book six.]. Almaty-Novosibirsk. – 2006. [In Kazakh].

Nasenov B., Isin A. 1905 zhylygy Qarqaraly peticijasynnda zhane patshaga zhiberilgen telegrammaga qol qojgan qajratkerler [In the Karkaraly petition of 1905 and the figures who signed the telegram sent to the King] // Respublikalyq «Abaj» zhurnaly. 2006. №3. 26-29 bb. [In Kazakh].

Popov Ju. Industrial'naja Karaganda // Svet dalekih imen [The light of distant names]. – Karaganda. – 11 sentjabrja, 2010. – S.5. [In Russian].

Electronic resourc. Genealogija (Shezhire) kazahskih rodov. URL: <https://genealogic.narod.ru/kazakh/sr/argyn/karakesek-zhalykbas-kurman-bokan-toksanbaj.png> [In Kazakh] (Accessed 16.01.2025).

Bildiri özetleri kitabı. Geçmişten Günümüze Filistin Sempozyumu [The book of abstracts. Symposium on Palestine from the Past to the Present]. Editörler: Dr. Öğr. Üyesi Faruk NARMANLI, Dr. Öğr. Üyesi Mahmoud BENRAS, Dr. Öğr. Üyesi Tuğba VELİOĞLU. – GİVAY. Giresun İslami İlimler Vakfı Yayınları. No: 5. Giresun, 2024. – 136. Pdf. [In Turkish] (Accessed 30.01.2025).

Nesati Çavdar. İbrahim Müteferrika'nın "Usûl'l-hikem fi nizami'l-ümem" adlı eserine göre Osmanlı askeri sisteminin sorunları ve çözümleri [According to Ibrahim Müteferrika's work "Usulul-hikam fi nizami'l-umam", the problems and solutions of the Ottoman military system] / Lale devrin'de Osmanlı devleti ve Nevşehir. – Ankara, 2018, editörler: Prof. Dr. İlyas GÖKHAN-Dr. Öğr. Üyesi

Hüseyin SARAÇ Dr. A. Gökçe ÖZCAN. URL: <https://www.academia.edu/resource/work/37966129> [In Turkish] (Accessed 20.07.2024).

Uluslararası Osmanlı döneminde Kudüs'te ilmi hayat ve eğitim sempozyumu [International symposium on scientific life and education in Jerusalem during the Ottoman period]. Fatih Sultan Mehmet Vakıf Üniversitesi / Bağcılar Belediyesi. Genel Koordinatör: Kenan GÜLTÜRK, Belediye Başkan Yrd. No:77 Bağcılar - İstanbul. – 2018. Pdf. [In Turkish] (Accessed 30.01.2025).

Авторлар туралы мәліметтер

Насыров Мадияр Газинурович – Шәкәрім Университеті, Тарих кафедрасының магистранты, «Тарих және археология» ғылыми орталығының кіші ғылыми қызметкері, Семей, Қазақстан.

Information about the authors

Nassyrov Madiyar Gazinurovich – Master's student of the Department of History, Shakarim University, Junior Researcher at the Scientific Center "History and Archeology", Semey, Kazakhstan.

Сведения об авторах

Насыров Мадияр Газинурович – магистрант кафедры Истории, Университета Шакарима, младший научный сотрудник Научного центра «История и археология», Семей, Казахстан.

IRSTI 03.20

THE FORMATION AND DEVELOPMENT HISTORY OF THE CATHOLIC CHURCH IN KAZAKHSTAN: THE CASE OF A AMATY CITY

Sultan Abdrakhmanov

¹*Marmara University (Istanbul, Turkey)*

E-mail: abdrahman.sultan24@gmail.com, <https://oscid.org/0009-0003-8966-0987>

Abstract. This article explores the history of Christianity's formation and development in Kazakhstan, with a particular focus on the establishment, growth, and current status of Catholic churches in Almaty. The main objective of the study is to provide a comprehensive analysis of the origins of Catholic churches in Kazakhstan, their development patterns, and their present condition. The research employs a theoretical-methodological approach combined with a descriptive analysis of religious history. These methods enable an in-depth examination of the collected data and a thorough investigation of the formation process of Catholic churches in Kazakhstan.

Historical sources suggest that Christianity first spread in Kazakhstan through Nestorian missionaries, who engaged in religious outreach among the local population. The introduction and expansion of Christianity in Kazakhstan occurred in three key stages. This article discusses the arrival of the first Christians—Nestorians—and their missionary activities. It also examines the Russian Empire's political efforts to convert the Kazakhs to Christianity, highlighting the limited success of these initiatives.

Following Kazakhstan's independence, newly adopted laws facilitated the expansion of missionary activities and the rise of Protestant movements. The study illustrates how the transition of Kazakh society from atheistic ideology and a lack of religious education created opportunities for missionaries to establish various churches and religious communities. According to legal provisions, religious freedom was ensured, allowing different religious organizations to operate. Almaty, as Kazakhstan's largest metropolis, became the main center for Protestant churches.